

Аюпова З.К.¹, Құсаинов Д.Ө.²

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

^{1,2}Қазақстан, Алматы

(e-mail: zaure567@yandex.ru)

ҚОҒАМДЫҚ САНАДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада құндылықтар теориясының философиядағы орны мен маңызы талданады. Құндылықтардың адамның дүниетанымындағы, рухани дамуы мен қоғамдық өмірдегі рөлі жан-жақты қарастырылып, олардың тарихи эволюциясы мен мәдени шарттылығы сипатталады. Экзистенциалдық аксиология, субъективизм, феноменология және герменевтика аясында құндылықтардың жаңа интерпретациялары ұсынылады. Қазіргі қоғамдағы гуманистік құндылықтар дағдарысы мен технократиялық ықпал жағдайында құндылықтарды қайта бағалаудың қажеттілігі айқындалады. Мақалада философия, әлеуметтану, мәдениеттану және психология ғылымдарының тоғысындағы интегративті тәсіл қолданылады.

Түйін сөздер: құндылықтар, аксиология, трансформация, философиялық антропология, экзистенциализм, норма, тарихи сана.

Z.K. Ayupova¹, Kussainov D.²

¹Kazakh National Agrarian Research university

²Kazakh National Pedagogical University named after Abai,

^{1,2}Almaty, Kazakhstan

(e-mail: zaure567@yandex.ru)

THE SPECIFICS OF VALUE TRANSFORMATION IN PUBLIC CONSCIOUSNESS

Abstract. This article explores the role and significance of value theory in philosophy. It examines the impact of values on human worldview, spiritual development, and social life. The historical evolution and cultural conditioning of values are analyzed. New interpretations of values are presented within the frameworks of existential axiology, subjectivism, phenomenology, and hermeneutics. The study highlights the necessity of reassessing values in the context of the current crisis of humanistic ideals and the rise of technocratic influence. An integrative approach combining philosophy, sociology, cultural studies, and psychology are employed.

Keywords: values, axiology, transformation, philosophical anthropology, existentialism, norm, historical consciousness.

Аюпова З.К.¹, Құсаинов Д.Ө.²

¹Казахский национальный аграрный исследовательский университет

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая

^{1,2}Алматы, Казахстан

(e-mail: zaure567@yandex.ru)

ОСОБЕННОСТИ ТРАНСФОРМАЦИИ ЦЕННОСТЕЙ В ОБЩЕСТВЕННОМ СОЗНАНИИ

Аннотация. В статье рассматривается роль и значение теории ценностей в философии. Анализируется влияние ценностей на мировоззрение человека, его духовное развитие и общественную жизнь. Освещается историческая эволюция и культурная обусловленность ценностей. Представлены

новые интерпретации ценностей в рамках экзистенциальной аксиологии, субъективизма, феноменологии и герменевтики. Подчёркивается необходимость переосмысления ценностей в условиях кризиса гуманистических ориентиров и технократического давления. В работе используется интегративный подход на стыке философии, социологии, культурологии и психологии.

Ключевые слова: ценности, аксиология, трансформация, философская антропология, экзистенциализм, норма, историческое сознание

Адам баласы өз өмірі мен рухани әлемін әрқашан жоғары, абсолюттік құндылық ретінде қабылдап келген. Бұл тақырып көптеген философтардың еңбектерінде кеңінен қозғалған. Құндылық ұғымын адамнан бөліп алып қарастыру мүмкін емес, себебі олардың мәні мен қызметі тікелей адам болмысымен байланысты. Осыған байланысты әлеуметтік философия қоғам мен адам арасындағы өзара қатынасты зерттей отырып, құндылықтардың мазмұны мен мәнін ашуға ұмтылады. Қоғамдық мәселелерді саралау арқылы адам болмысының мәнін және оның әлеуметтік құрылымдағы орнын тереңірек ұғынуға болады [1, 102 б.].

Тұлға мен қоғамның өзара қарым-қатынасына қатысты көзқарастар алуан түрлі. Мысалы, П.И. Новгородцев жеке тұлғаны басты мақсат ретінде қарастырып, қоғамды осы мақсатты іске асыруға мүмкіндік беретін, адамгершілікке негізделген орта деп сипаттайды. Бұл көзқарас өзара түсіністік пен сыйластыққа негізделген үйлесімді қатынастар орнатуға жол ашады. Тұлғаны жай ғана құрал ретінде емес, дербес мақсат ретінде тану – қоғамдағы үйлесімділікті сақтауға және адамның жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Бүгінгі күні адамзаттың қоғамдағы белсенді рөлі әрқалай бағаланады. Бір жағынан, адам мәдениет пен техниканың дамуына елеулі үлес қосуда. Екінші жағынан, ол рухани құндылықтарды тарату, гуманистік идеалдарды нығайту және ұлттық мұраның маңызын арттыру ісіне де

қатысып келеді. Алайда, қазіргі техногендік өркениет

жағдайында адам көп жағдайда алып әлеуметтік механизмнің тек бір бөлшегі ретінде қарастырылып, рухани

құндылықтарды қалыптастыру ісінен шеттеп қалуы да мүмкін [2, 105 б.].

Әрбір адамның рухани әлемі — қайталанбас, өзіндік құрылымы бар ерекше жүйе. Бұл даралықты жоққа шығару немесе жою көбінесе тоталитарлық құрылымдарға тән құбылыс. Ал демократиялық жүйе, керісінше, тұлғаның бірегейлігін қолдап, жаңа мәдени құндылықтардың қалыптасуына мүмкіндік береді. Дегенмен, әр қоғам өзінің тарихи-мәдени дәстүрі мен идеологиялық ерекшеліктеріне сай белгілі бір шектеулер қойып отырады, бұл өз кезегінде жеке адамның еркіндігіне әсер етуі мүмкін.

Адам белсенділігі тек сыртқы ықпалдарға жауап беру ғана емес, ол оның ішкі еркіндігі мен шығармашылық әлеуетінің көрінісі. Адам дәл осы белсенділік арқылы өзі үшін маңызды құндылықтарға қатысын білдіріп, оларды нақты әрекет арқылы жүзеге асырады. Қоғамдық өмірдегі түрлі қайшылықтарға қарамастан, әр тарихи кезең өзінің ерекшелігі мен құндылықтар жүйесінің ауысуымен сипатталады [3, 15 б.].

Құндылықтар иерархиясын анықтауда түрлі көзқарастар бар. Мысалы, Г.П. Выжлецов құндылықтардың жоғарғы сатысына мұраттарды, кейін рухани құндылықтарды, моральдық нормаларды, одан соң әлеуметтік-саяси және экономикалық құндылықтарды орналастырады. Алайда, егер мұраттар нақты өмірден алшақтап, тек теориялық деңгейде қалса, олар қоғамда қайшылықтар мен түсінбеушіліктерге әкелуі мүмкін. Сондықтан құндылықтар жүйесінің шынайы өмірмен байланыста болуы аса маңызды.

Құндылықтар әлемінің негізінде - адамзаттың "дүниеге деген махаббаты" жатыр. Кейбіреулер үшін бұл — асқақ идеал болса, енді біреулер үшін ол — ең басты рухани ұстаным. Сонымен қатар, "әділет", "адалдық", "сұлулық", "бірлік"

сынды құндылықтар да адамзат үшін айрықша маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, рухани құндылықтар мен мұраттар арасында терең мазмұндық үндестік бар. Ал материалдық құндылықтардың иерархияда төменгі сатыда орналасуы бұл мәселеге қатысты қоғамдық ой-пікірдің белгілі бір шешімге келгенін көрсетеді. Қалай десек те, рухани құндылықтарды жоғары қойған қоғамның болашағынан үлкен үміт күтуге болады [4, 65 б.].

Қоғамдағы кез келген үдеріс пен заңдылықтар – адамаралық қатынастардың объективті түрге айналуының көрінісі. Қоғам – адам өмірінің ажырамас бөлігі, оның болмыстық негіздерінің бірі. Дегенмен, нағыз әділетті қоғам тұлғаның қадір-қасиетін сақтап, жеке қабілеті мен мүмкіндіктерін қорғап, жеке мүдделерін ескеруі тиіс. Мұндай қоғамды "тұлға принципі" біріктіреді, онда әрбір адамның құқығы мен ішкі құндылығы басты орынға шығады.

Құндылық – бұл белгілі бір объектінің жағымды немесе жағымсыз қасиеттерін сипаттайтын философиялық әрі әлеуметтік категория. Бұл ұғым философияда XIX ғасырдың ортасында жүйелі түрде қарастырыла бастады. Алғашқы нақты анықтамаларды Р. Лотце мен Г. Коген ұсынған болатын. Антикалық философияда құндылықтар адамның әрекетін, табиғи және қоғамдық құбылыстарды этикалық және эстетикалық өлшемдермен бағалауға мүмкіндік беретін ұғымдар арқылы бейнеленді. Құндылық адам мен дүние арасындағы қарым-қатынастың екі қырын қамтиды: бір жағынан – объективті болмыс ретіндегі заттар мен құбылыстар, екінші жағынан – адамның соларға қатысты субъективті бағасы мен қатынасы.

Пәндік құндылықтарға табиғи қажеттіліктер, мәдени мұралар, ғылыми ақиқаттар, теориялық тұжырымдар және эстетикалық қасиеттер жатады. Ал субъективті құндылықтар адамның ой-санасы, дүниетанымы, бағалау өлшемдері және мақсатқа ұмтылу тәсілдері арқылы анықталады. Құндылықтар арқылы адам өмірге, еңбекке, шығармашылыққа және жалпы тіршіліктің мәніне баға береді. Олар адамның күнделікті әрекеттерін бағдарлап,

өмірлік ұстанымдарына бағыт-бағдар болады [5, 25 б.].

Мәдениет пен құндылықтар өзара тығыз байланысты, себебі мәдениет – құндылықтардың басты көрініс табатын кеңістігі. Құндылықтар адамдардың мінез-құлқын, моральдық өлшемдерін қалыптастырып, әлеуметтік тәртіптің негізін құрайды. Құндылықтар жүйесі материалдық және рухани болып жіктеледі және олардың мазмұны қоғамның мәдени даму деңгейімен тікелей байланысты.

Әрбір халықтың ғасырлар бойы жинақталған рухани байлығы діни құндылықтармен астасып жатады. Алайда, адамның эгоистік және эмоциялық сезімдері кейде діни құндылықтардың толық іске асуына тосқауыл қоюы мүмкін. Мұндай қайшылықтар діннің әлеуметтік өмірде әрқилы формада көрініс табуына алып келеді. Соған қарамастан, рухани кемелдікке жету жолында діни сенімдер мен қағидаларды жоққа шығару мүмкін емес.

Қоғамда түрлі діни конфессиялардың қатар өмір сүруі – өркениеттік даму мен мәдени көптүрліліктің айқын көрінісі. Алайда тар шеңбердегі конфессиялық дүниетанымдар кей жағдайда ұлттар мен мәдениеттер арасындағы өзара түсіністікке кері әсерін тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайларда конфессияаралық толеранттылық пен өзара сыйластық аса маңызды рөл атқарады [6, 28 б.].

Нағыз руханилық – бұл адамның бойындағы ізгі қасиеттерді әлемге ашық түрде паш етуге деген дайындығы. Тек осындай ішкі ниет пен ұмтылыс үстемдік құрғанда ғана тұлға шынайы рухани даму жолына түсе алады.

Қоғамдағы рухани құндылықтардың мәні, олардың қайнар көзі мен әлеуметтік қызметін тереңінен зерделеу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Себебі рухани құндылықтар – қоғамның кемелденуінің өлшемі ғана емес, адамның дүниетанымының қалыптасуына да шешуші ықпал етеді.

Адамзаттың тарихи дамуын сабақтастықта ұстап тұратын және ынтымақтастық пен үйлесімдікті қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық

рухани құндылықтар еркіндік пен шығармашылық негізінде қалыптасып, жетіледі. Адам мен әлем арасындағы үйлесімді қарым-қатынас ақиқат заңдылықтарына сүйенеді және осы құндылықтарды тереңдете түсуге ықпал етеді. Осы бағытта шығармашылық тұлғалардың рөлі ерекше – олар ғаламдық процестерге өзіндік үлесін қосып, адам өмірінің мағынасына жаңа қырлар ашады [7, 74 б.].

Қазіргі қоғамдағы адамның рухани белсенділігі түрлі аспектіде бағаланады. Бір жағынан, адам мәдениетті дамытуға, әлеуметтік және ғылыми-техникалық процестерге белсенді араласуда. Екінші жағынан, гуманистік құндылықтардың жаңғыруына, ұлттық мұраның маңыздылығының артуына және бірлік пен демократиялық құндылықтардың нығаюына деген қоғамдық сұраныс арта түсуде. Алайда бүгінгі таңда көптеген адамдардың өмір салты көбінесе материалдық және физиологиялық қажеттіліктерді өтеуге бағытталып, техногендік өркениеттің ырғағына бейімделгені байқалады.

Рухани құндылықтардың қалыптасуы – терең теориялық және тәжірибелік зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе. Бұл зерттеулер этноәлеуметтік кеңістікте жүріп жатқан процестерді философиялық тұрғыдан талдауды қамтиды. Алдағы уақытта рухани құндылықтардың дамуына ықпал ететін факторларды жан-жақты зерделеу, дін, өнер, мораль сияқты әлеуметтік феномендердің мәнін нақтылау, сондай-ақ өңірлік құндылық бағдарларының ерекшеліктерін ашу өзекті бағыттардың бірі болмақ [8, 150 б.].

Көшпелі мәдениетке тән құндылықтар жүйесі табиғатпен үйлесімде өмір сүруге негізделген. Дәстүрлі қоғамның рухани бағдарлары адамды ішкі тұрақтылыққа, үйлесімділік пен сұлулыққа ұмтылуға бағыттайды. Бұл құндылықтар нәзік лиризммен астасып, қазіргі заманғы техногендік прагматизмнен алшақ тұрады. Сондықтан қазіргі өркениет дәстүрлі мәдениеттің рухани қазынасын жоққа шығармай, оны сақтау мен жалғастыруға күш салуы қажет.

Бірнеше онжылдық үзілістен кейін гуманитарлық ғылымдар мәдениеттің құндылықтық өлшемдеріне қайтадан назар аудара бастады. Бұл үрдіс Батыс пен Шығыс өркениеттерінің өзара байланысын күшейту қажеттігін және құндылықтарға қатысты көзқарасты жаңаша қарастырудың маңызын көрсетті. Гносеологиялық структурализм үстемдік еткеніне қарамастан, құндылық мәселесі қазіргі философиялық ой-сананың өзекті бағыттарының бірі болып қалып отыр [9, 165 б.].

XX ғасырда құндылықтар теориясы (аксиология) екі негізгі бағытта дамыды. Бірінші бағыт құндылықтарды адамның биологиялық және психологиялық қажеттіліктерінен туындайтын, объективті шындықтың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Екінші бағытта құндылықтар феноменологиялық не онтологиялық тұрғыдан түсіндіріледі. Осы көзқарас аясында Макс Шелердің еңбектері ерекше маңызға ие. Ол құндылықтардың объективті сипатын мойындай отырып, оларды міндеттеушілікпен шектелмейтін феномен ретінде сипаттайды. Шелердің пайымдауынша, құндылықтар адамның эмоционалды тәжірибесі арқылы ашылады; бұл ретте сүйіспеншілік пен жек көру тәрізді сезімдер априорлы мәнге ие [10, 100 б.].

Шелер өзінің «Этикадағы формализм және құндылықтардың материалдық этикасы» атты еңбегінде құндылықтардың табиғатын жан-жақты сипаттайды. Оның тұжырымынша, жоғары деңгейдегі құндылықтар бөлінбейтін, тұтас сипатта болады және оларды бірнеше адам бір мезгілде сезініп, меңгерсе де, олардың құндылығы немесе әсері кемімейді.

Осы орайда рухани құндылықтардың маңыздылығы тек олардың адамның өміріндегі орнына емес, сонымен бірге оларды түсіне білуге және оларға құрметпен қарауға да тікелей байланысты. Мұндай құндылықтар қоғамның рухани дамуының тірегі ретінде қабылданады және оларды сақтау мен жаңғырту адамзаттың болашағына деген сенімді нығайтады [11, 51 б.].

Николай Гартманн өзінің онтологиялық тұжырымдамасында құндылықтарды «мән беретін өлшемдер, солардың арқасында заттар мен құбылыстар өз болмысына сай құндылыққа ие болады» деп сипаттайды. Ол Макс Шелердің құндылықтардың объективтілігі жайлы идеяларын дамыта отырып, құндылықтар адамның пікірінен немесе танымынан тыс өмір сүретінін айтады. Осы арқылы Гартманн құндылықтарды адамның әлеммен қатынасындағы іргелі құрамдас ретінде қарастырады.

Георг Зиммель, өмір философиясының көрнекті өкілі ретінде, құндылықтарды адамның нақты өмірінің мәдени деңгейге көтерілуімен байланыстырады. Оның ойынша, еңбек, шығармашылық секілді өмірлік құбылыстар өздерінің табиғи болмысынан асып түсіп, мәдени контексте құндылыққа айналады. Зиммель үшін құндылық – бұл адамның өміріндегі идеялар мен идеалдар тұрғысынан маңызға ие болатын, шынайы болмыстан жоғары деңгейге көтерілетін мазмұн.

Мартин Хайдеггер аксиология мәселелерін тереңінен зерттей отырып, Батыс өркениетінде қалыптасқан гуманизм, антропоцентризм және рационализмге негізделген құндылық жүйесіне сыни көзқарас танытады. Оның пайымдауынша, құндылықтар категориясы болмысты ойлау арқылы тануға бөгет келтіреді және шынайы болмыстың мәнін жасырады. Хайдеггер Ницшенің «құндылықтарды қайта бағалау» идеясын дамыта отырып, Батыс қоғамындағы нигилистік үрдістерді жоғары құндылықтардың маңызын жоғалтуымен байланыстырады. Оның көзқарасы бойынша, бұл тек құндылықтардың әлсіреуі емес, мәдени кеңістіктен олардың толықтай ығыстырылуы.

Жан-Поль Сартр экзистенциализм шеңберінде құндылықтарды болмыстың жоғары деңгейі ретінде қарастырады. Ол құндылықтарды болмыс шектеулерінен тәуелсіз, адам еркіндігі мен субъективті тәжірибесіне негізделген құбылыс деп сипаттайды. Сартрдың тұжырымынша, құндылықтар болмысты анықтап қана

қоймай, барша болмыстық құбылыстардың мәндік тұтастығын қамтамасыз етеді [12, 65 б.].

Никлас Луман құндылықтарды әлеуметтік жүйелердің ішкі логикасы мен құрылымына сәйкес түсіндіреді. Ол құндылықтарды белгілі бір әрекеттердің нәтижелілігін бағалау өлшемі ретінде қарастырады. Луман үшін коммуникация – әлеуметтік шындықтың іргетасы, ал құндылықтар осы коммуникациялық процесте қалыптасады. Ол түрлі әлеуметтік жүйелердің құндылық бағдарлары олардың функционалды міндеттерімен тығыз байланысты екенін атап өтеді. Сонымен қатар, Луман құндылықтар не толық қабылдануға, не мүлде жоққа шығарылуға тиіс емес екенін, оларды әлеуметтік жүйенің жады сақтап отыратынын ескертеді.

Ричард Рорти құндылықтарды тұлғаның бірегейлігі мен субъективті тәжірибесіне сүйене отырып сипаттайды. Оның пікірінше, адам болмысындағы қайшылықтар мен көптүрлілік шығармашылық дамудың іргетасы болып табылады және индивидке әртүрлі мәдени-контекстуалдық жағдайларда өзін қайта құруға мүмкіндік береді. Рорти құндылықтардың қатаң нормативтік мазмұнын жоққа шығарып, оларды шығармашылық еркіндіктің көрінісі ретінде ұсынады.

Құндылықтар табиғаты әртүрлі философиялық бағыттарда әр қырынан қарастырылғанымен, олардың барлығы құндылықтарды адам болмысының түпкілікті негізі ретінде таниды. Құндылықтар – адамның әлеммен қарым-қатынасының өзегін құрайтын, оның рухани және мәдени болмысын айқындайтын негізгі философиялық категориялар. Қазіргі аксиологиялық зерттеулерде олар адамның еркіндігі мен шығармашылық қабілеттерінің айнасы ретінде қарастырылады. Осы себепті құндылықтар – философиялық, әлеуметтік және мәдени танымның ажырамас элементі [13, 59 б.].

Құндылықтар әлемі адам болмысының терең қабаттарын, оның рухани және мәдени құрылымдарын

бейнелейтін күрделі жүйе ретінде көрінеді. Олар қоғамның мәдени жетістіктерінің, әлеуметтік институттарының және тұлғалық өмірдің іргелі негізін қалайды. Құндылықтардың айрықша белгілері – олардың қоғамдық құрылымда, мәдени кеңістікте және жеке адамның санасында алатын ерекше орнына байланысты айқындалады.

Құндылықтар – мәдениет кеңістігінің іргелі құрамдас бөлігі. Олар адамның рухани белсенділігінің өзегін құрап, шынайы өмірмен байланысын қалыптастырады және оның рухани әлемінің мазмұнын айқындайды. Құндылықтар адамзат өмірінің түрлі салаларында – әлеуметтік, рухани, материалдық деңгейде – бағыттаушы әрі реттеуші рөл атқарады. Мәдениеттегі құндылықтар көбіне әдет-ғұрып, норма және идеалдар арқылы көрініс табады; ал олардың мазмұны мен пішіні қоғамның тарихи эволюциясына және мәдени болмысына байланысты қалыптасады.

Адам қоршаған дүниені – материалдық және рухани болмысты – құндылықтар тұрғысынан бағалайды. Бұл үдеріс сананың негізінде жүзеге асып, индивидтің әлемге деген құндылықтық қатынасын анықтайды. Философиялық білім саласында аксиология осы қатынастарды зерттеуге бағытталған дербес бағыт ретінде дамып, құндылықтардың табиғаты мен мәнін терең түсіндіруге ұмтылады.

Құндылықтардың мәніне қатысты түрлі философиялық көзқарастар қалыптасқан. Натуралистік психологиялық бағыт құндылықтарды объективті құбылыс ретінде қарастырып, олардың негізін адамның биологиялық және психологиялық қажеттіліктерінен іздейді. Мұндай тәсіл кез келген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған нысанды құндылық деп тануға мүмкіндік береді [14, 99 б.].

Аксиологиялық трансцендентализм болса, құндылықтарды идеалды болмыстың түрі ретінде ұсынады. Макс Шелердің пайымдауынша, құндылықтар иерархиялық құрылымға ие және оның жоғарғы деңгейінде сұлулық, әділет, мейірімділік тәрізді идеалды нормалар орын алады. Бұл

құндылықтар адам тілегінен немесе қажеттілігінен тәуелсіз өмір сүреді.

Макс Вебер құндылықтарды әлеуметтік субъектілер үшін маңызды нормалар ретінде сипаттайды. Ол құндылықтарды әлеуметтік әрекеттер мен таным процестерін түсіндіру құралы ретінде қарастырып, олардың қоғамдағы рөліне айрықша назар аударады. Вебердің бұл идеяларын кейін Уильям Томас пен Флориан Знанецки жалғастырып, құндылықтарды әлеуметтік топтың мүдделері мен көзқарастарымен тығыз байланыстыра отырып түсіндірді [15, 15 б.].

Құндылықтар жүйесінің қалыптасуы адамның өмірінде орын алатын биологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттестігі арқылы жүзеге асады. Бұл процесте жеке құндылықтардың маңызы зор, алайда олар жалпы адамзаттық құндылықтармен астасып жатады. Мұндай жалпыадамзаттық құндылықтар әр адамның өмірінде даралық формада көрініс тауып, өзіндік тәжірибе арқылы іске асады.

Құндылықтардың мазмұны олардың тарихи және мәдени тұрғыда шартталғанын көрсетеді. Олар жай ғана мүдделердің көрінісі емес, керісінше салыстырмалы дербестікке ие және қоғамдағы маңызды моральдық нормалар мен дәстүрлерді реттеуде шешуші рөл атқарады. Құндылықтарды дұрыс ұғыну мен қабылдау адамға өзінің өмірлік бағдарын, өмірдің мәні мен мақсатын терең түсінуге жол ашады [16, 71 б.].

Қорыта айтқанда, құндылықтар – адамның әлеммен байланысын қамтамасыз ететін, рухани даму үдерісін бағыттайтын әрі мәдениет пен қоғамдық құрылымдардың іргетасын құрайтын әмбебап категория. Олар адамның өмірін мазмұнмен байытып, ішкі дүниесін тереңдетеді. Құндылықтар адамзат тарихының барлық кезеңдерінде өзектілігін жоғалтпаған, сондықтан оларды философиялық тұрғыдан зерттеу – қоғам мен адам дамуын ұғынудың басты кілті болып қала береді.

Қазіргі заманғы философия ғылыммен қатар, құндылықтардың табиғатын және олардың адам өмірі мен қоғамдық

құрылымдағы маңызын зерттеуге айрықша мән береді. Бұл тақырыптың өзектілігі бірқатар маңызды факторлармен түсіндіріледі. Соның ішінде технологиялық үдерістердің үдеуі, мәдени плюрализмнің күшеюі және адамзаттың рухани болмысына қайта бет бұру қажеттілігі ерекше орын алады.

Философияның басты ерекшеліктерінің бірі – ақиқат пен құндылықтарды іздеудегі үздіксіз ұмтылыс. Бұл ізденістер, әсіресе XIX–XX ғасырлардағы философиялық ой ағымында, рационализм мен эмпиризмді асыра дәріптеген жаңа дәуірлік философияға деген сын көзқарастан туындады. Ғылым мен техниканың жедел дамуы адам болмысының мәнін жаңаша түсіндіруді және құндылықтарды қайта бағалауды қажет етті. Осылайша, адам өмірінің бағыт-бағдарын айқындайтын құндылықтар тарихи үдерістің құрамдас әрі мазмұндық негізі ретінде қарастырыла бастады [17, 111 б.].

Альвин Тоффлердің пайымдауынша, болашақ адамзаттың қандай бағытта дамитыны – адамның құндылықтарды қаншалықты терең ұғына алатынына және соларға сүйене отырып шешім қабылдай алу қабілетіне тікелей байланысты. Бұл идея XX ғасырдың ортасындағы философиялық және әлеуметтік зерттеулерге негіз болды. Мысалы, «Құндылықтар мен болашақ» атты жинақта құндылықтардың адамзаттың даму үрдісіне тигізетін әсері жан-жақты қарастырылды.

Ғылым мен технология жетістіктері адам өмірінің жағдайларын түбегейлі өзгертіп, жаңа өмір салтын қалыптастырды. Мұндай өзгерістер құндылықтар жүйесін қайта қарастыруға және адам болмысына жаңаша көзқарас қалыптастыруға негіз болды. Техникалық прогрестің артықшылықтарымен қатар, оның адам руханиятына селқос қарау қаупі де байқалады. Осыған орай, экзистенциалдық аксиологияның міндеті – адамның ішкі болмысын, рухани мағыналарын зерттеу және технократиялық мәдени ықпалдан тәуелсіз жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Мәдени және тарихи көптүрлілік құндылықтардың әртүрлі интерпретацияларын тудырады. Қазіргі плюралистік қоғамда түрлі этностар мен ұлттардың мәдени-әлеуметтік өмірінің ерекшеліктерін ескеру қажеттігі артып келеді. Құндылықтар белгілі бір қоғамның дүниетанымдық іргетасын құрайды және рухани бағдарлар жүйесін анықтайды. Сонымен қатар, бұл ерекшеліктер өзара түсіністік пен төзімділікті қалыптастыруға ықпал етеді [18, 64 б.].

Экзистенциалдық аксиология – құндылықтар мәселесін жаңаша тұрғыда қарастыратын тың бағыттардың бірі. Ол адамның болмысындағы құндылықтардың мәнін айқындап, жеке тәжірибенің әлемге тигізетін әсерін саралауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс қазіргі таңда білім беру, мәдениеттану, медицина сынды салаларда қолданыс тауып, жаңа құндылықтық бағдарларды қалыптастыруға ықпал етіп отыр.

Қазіргі заманғы қоғамда гуманистік құндылықтардың әлсіреуі және технократиялық ұстанымдардың күшеюі рухани дағдарысқа әкеліп соқты. Мұндай дағдарысты еңсерудің бірден-бір жолы – адамның ішкі болмысындағы мағыналарды іздеу және құндылықтарды қайта пайымдау. Экзистенциалдық аксиология осы үдерістерге бағытталып, адамның ішкі әлеміне тән түбегейлі құндылықтарды басты орынға қояды. Бұл құндылықтар сыртқы әлеуметтік құралдардан әлдеқайда маңызды деп есептеледі [19, 19 б.].

Құндылықтар – адамның өмірлік бағдарын айқындайтын, оның рухани, мәдени және әлеуметтік болмысын ұйымдастыратын негізгі философиялық категориялардың бірі. Олар ғылым мен мәдениет, әлеуметтік құрылымдар мен жеке тәжірибе арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі философия құндылықтар арқылы адамның болмыстық терең мәнін ашуға ұмтыла отырып, техногендік өркениеттің теріс ықпалын еңсеруге жол іздейді. Осы тұрғыдан алғанда, экзистенциалдық аксиология қазіргі қоғамның болашағын түсінуде маңызды рөл атқарады. Ол адам болмысына

тән құндылықтарды анықтап, оларды сақтау мен дамыту жолдарын ұсынады.

Құндылықтарды зерттеу – қазіргі философиядағы іргелі бағыттардың бірі. Бұл зерттеу адамның дүниетанымының құрылымын, өмірге деген қатынасын және рухани-мәдени дамудың негізгі тетіктерін терең түсінуге жол ашады. Құндылықтар теориясы заманауи философияда таным мен болмыстың күрделі өзара байланысын пайымдауға арналған маңызды ұғымдық құралға айналды.

XX ғасырдағы орыс философиялық ойында таным және құндылықтар мәселесі әртүрлі деңгейде қарастырылды. Таным әмбебап білімге ұмтылатын, объективтілікке негізделген процесс ретінде зерттелсе, құндылықтар жасау феномені субъективтілікпен тығыз байланысты болғандықтан, философиялық назардан шеткері қалып қойды. Соның салдарынан философиялық антропология мен әлеуметтік философия салаларында құндылықтардың болмысқа және таным үдерісіне әсері толық қамтылмады.

Қазіргі философияда субъективизм адамның болмысы мен дүниетанымына басты назар аударатын ұстаным ретінде өзектілікке ие бола бастады. Субъектінің тәжірибесі мен санасының шындықты қабылдауға ықпалын зерттеу философиялық пайымдаудың жаңа бағыттарының бірі ретінде қалыптасты. Бұл үрдіс, әсіресе, құндылықтарды талдау саласында айқын көрініс тапты, өйткені құндылық – адамның шынайылықпен өзара қарым-қатынасындағы субъективті ұстанымдардың бірі ретінде қарастырылады.

Құндылықтар мәселесін зерттеу әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми парадигмалар арасындағы шекараны нақтылауға мүмкіндік береді. Құндылықтарды индивидтің әлеуметтенуі мен даралануының көрсеткіші ретінде зерделеу олардың философиялық мәртебесін ашуда маңызды рөл атқарады. Бұл бағыттағы философтар мен әлеуметтанушылардың ортақ еңбектері құндылық ұғымының маңызын кеңейтуге ықпал етті. Мысалы, 3.

Фрейд нормалар мен құндылықтардың динамикалық, өзгермелі сипатын атап өтті.

Құндылықтар теориясында «норма» ұғымы ерекше маңызға ие. Ол әлеуметтік қатынастар мен мінез-құлық құрылымын қалыптастырушы ретінде көрініс табады. Нормалар құндылықтардың практикалық жүзеге асу формасы ретінде қызмет етеді және индивидтің іс-әрекетіне бағыт-бағдар береді.

Құндылықтар мәселесі өмір философиясы (В. Дильтей, Ф. Ницше, Г. Зиммель), неокантшылдық (В. Виндельбанд, Г. Риккерт), феноменология (Э. Гуссерль), герменевтика (Г.-Г. Гадамер, П. Рикёр) сынды бағыттарда жан-жақты зерттелді. Бұл ағымдардың әрқайсысы құндылықтардың болмысы мен адам өміріндегі рөлін өзіндік концептуалдық тұрғыда пайымдап, құндылықтар теориясының дамуына үлес қосты.

Қазіргі философияда құндылықтар теориясы таным мен болмыстың күрделі құрылымын түсіндіруде шешуші рөл атқарады. Ол философтарға адамның өмірлік мағыналары мен мақсаттарын зерделеуге, субъективті тәжірибенің мазмұнын ашуға және әлеуметтік-гуманитарлық білімнің әдіснамалық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Құндылықтарды зерттеу – қоғамның мәдени, әлеуметтік және саяси дамуының бағыттарын айқындайтын теориялық-талдамалық құрал ретінде танылады.

Қазіргі әлемдегі құндылықтар жүйесі – тек жеке тұлғаның рухани әлемінің көрінісі ғана емес, сонымен қатар қоғамның мәдени және этикалық іргетасын құрайтын негіз. Құндылықтық зерттеулер олардың эволюциясын түсінуге, болашақтағы өзгеру мүмкіндіктерін болжауға және рухани-мәдени процестерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Құндылықтар – адамзат өркениетінің тарихи, мәдени және рухани дамуының өзегі. Олар жеке тұлғаның өмірлік бағдарын, моральдық ұстанымдарын, әлеуметтік қарым-қатынас тәсілдерін және жалпы қоғамдық дамудың бағытын анықтайды. Құндылықтарды зерделеу тек философия мен әлеуметтануға ғана қатысты емес, ол сонымен қатар психология,

мәдениеттану, саясаттану, педагогика және өзге де гуманитарлық ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады.

Құндылықтардың тарихи эволюциясы олардың адамның дүниетанымына, болмысты ұғынуына және оны өзгертуге деген ұмтылысына тікелей ықпал ететін күш екенін айғақтайды. Ежелгі замандардан бастап адамзат өмір мен өлім, әділет пен зұлымдық, сұлулық пен үйлесімділік, еркіндік пен жауапкершілік туралы ой толғауларын құндылықтар жүйесі арқылы түсіндіруге тырысты. Мифология, дін, философия және ғылым – осының бәрі құндылықтарды ұғыну және іске асыру жолында ерекше маңызға ие болды.

Қорытындылай келе, қоғамдық санадағы құндылықтардың өзгерісі – тек философиялық немесе әлеуметтік мәселе ғана емес, сонымен қатар бүкіл адамзаттың даму бағытын айқындайтын күрделі өркениеттік құбылыс. Осыған байланысты қазіргі заманғы қоғам үшін рухани құндылықтарды сақтау, білім мен ғылымды жетілдіру, мәдени көптүрлілікті қолдау және жалпыадамзаттық құндылықтарды нығайту – басты басымдықтар ретінде қарастырылуға тиіс.

***Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғарғы білім министрілігінің қаржыландыруымен жасалған
(№BR24993269 бағдарлама)***

Әдебиеттер тізімі:

1. Алексеева В.Г. Молодой рабочий: Формирование ценностных ориентаций. – М.: Мысль, 2003. – 222 с.
2. Анисимов С.Ф. Введение в аксиологию. – М.: Гардарики, 2001. – 192 с.
3. Арутюнян Л.А. Ценности в системе социалистического образа жизни // Образ жизни и ценностные ориентации личности. – Ереван. – 1979. – С.5-20.
4. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. – М.: Медиум, 1995. – 323 с.
5. Блюмкин А.А. Мир моральных ценностей. – М.: Знание, 1981. – 64 с.
6. Бодрийяр Ж. Общество потребления. Его мифы и структуры. – М.: Республика, 2006. – 269 с.
7. Богомолов А.С. Определенность, ценности и социологическое познание // Социологические исследования. – 1975. – № 12. – С.34-43.
8. Галимбекова Ф.С. Проблема ценностей в современном российском обществе: Социально-философский анализ: дис. ... канд. филос. наук. – Уфа, 2000. – 178 с.
9. Гартман Н. Этика. СПб.: Владимир Даль, 2002. – 708 с.
10. Гидденс Э. Устроение общества: Очерк теории структуризации. – М.: Академический проект, 2005. – 528 с.
11. Дробницкий О.Г. Мир оживших предметов. Проблема ценности и марксистская философия. – М.: Политиздат, 1967. – 351 с.
12. Жерняков А.М. Социально-философский анализ ценностей в современной России: Личность, социум, культура: дис. ... канд. филос. наук. – Екатеринбург, 2004. – 178 с.
13. Жижек С. Небеса в смятении. – М.: Рипол-классик, 2015. – 240 с.
14. Кирьякова А.В. Теория ориентации личности в мире ценностей. – Монография. Оренбург, 1996. – 188 с.
15. Колкутина В.П. Постиндустриальное общество как социокультурная реальность: аксиологический анализ: дис. ... канд. филос. наук. – Ставрополь, 2006. – 172 с.
16. Лапин Н.И. Ценности как компоненты социокультурной эволюции современного общества // Социологические исследования. – 1994. – № 5. – С.58-69.
17. Леонтьев Д.А. Жизненный мир человека и проблема ценностей // Психологический журнал. – 1992. – № 2. – С.3-11.
18. Осипова Ю.В. Утилитарные ценности в контексте современной культуры: дис. ... канд. филос. наук. – Омск, 2011. – 192 с.
19. Петрий П.В. Духовные ценности российского общества и армия: Социально-философский анализ: дис. ... д-ра филос. наук. – Москва, 2002. – 428 с.

References

1. Alekseeva V.G. Young Worker: Formation of Value Orientations. – Moscow: Mysl, 2003. – 222 p.
2. Anisimov S.F. Introduction to Axiology. – Moscow: Gardarika, 2001. – 192 p.
3. Arutyunyan L.A. "Values in the System of the Socialist Way of Life." In Lifestyle and Value Orientations of the Personality. – Yerevan, 1979. – Pp. 5-20.
4. Berger P., & Luckmann, T. The Social Construction of Reality: A Treatise in the Sociology of Knowledge. – Moscow: Medium, 1995. – 323 p.
5. Blyumkin A.A. The World of Moral Values. – Moscow: Znanie, 1981. – 64 p.
6. Baudrillard J. The Consumer Society: Myths and Structures. – Moscow: Respublika, 2006. – 269 p.
7. Bogomolov A.S. "Objectification, Values and Sociological Knowledge." Sociological Studies, no. 12 (1975): Pp.34-43.
8. Galimbekova F.S. The Problem of Values in Contemporary Russian Society: A Socio-Philosophical Analysis. PhD diss., Ufa, 2000. – 178 p.
9. Hartmann N. Ethics. St. Petersburg: Vladimir Dal, 2002. – 708 p.
10. Giddens A. The Constitution of Society: Outline of the Theory of Structuration. Moscow: Akademicheskyy Proekt, 2005. – 528 p.
11. Drobnitsky O.G. The World of Animated Objects: The Problem of Value and Marxist Philosophy. Moscow: Politizdat, 1967. – 351 p.
12. Zhernjakov A.M. A Socio-Philosophical Analysis of Values in Contemporary Russia: Personality, Society, Culture. PhD diss., Yekaterinburg, 2004. – 178 p.
13. Žižek S. Heaven in Confusion. Moscow: Ripol-klassik, 2015. – 240 p.
14. Kirjakova A.V. Theory of Personality Orientation in the World of Values: A Monograph. Orenburg, 1996. – 188 p.
15. Kolkutina V.P. Post-Industrial Society as a Socio-Cultural Reality: Axiological Analysis. PhD diss., Stavropol, 2006. – 172 p.
16. Lapin N.I. "Values as Components of the Socio-Cultural Evolution of Modern Society." Sociological Studies, no. 5 (1994): Pp.58-69.
17. Leontiev D.A. "The Human Lifeworld and the Problem of Values." Psychological Journal, no. 2 (1992): Pp.3-11.
18. Osipova Y.V. Utilitarian Values in the Context of Modern Culture. PhD diss., Omsk, 2011. – 192 p.
19. Petriy P.V. Spiritual Values of Russian Society and the Army: A Socio-Philosophical Analysis. Doctoral diss., Moscow, 2002. – 428 p.

Сведения об авторах / Авторлар туралы мәлімет / About the Authors

Аюпова Зәуре Кәрімқызы

Лауазымы: заң ғылымдарының докторы, профессор

Жұмыс орны: Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,

Құқық кафедрасы

Пошталық мекенжайы: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 8

Ұялы тел.: +7 701 345 9346

E-mail: zaure567@yandex.ru

Құсаинов Дәуренбек Өмірбекұлы

Лауазымы: философия ғылымдарының докторы, профессор

Жұмыс орны: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы

Пошталық мекенжайы: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13

Ұялы тел.: +7 701 423 4154

E-mail: daur958@mail.ru

Қусаинов Дауренбек Умербекович

Должность: доктор философских наук, профессор

Место работы: Казахский национальный педагогический университет имени Абая, кафедра политологии и социально-философских дисциплин

Почтовый адрес: 050010, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Достык, 13

Моб. тел.: +7 701 423 4154

E-mail: daur958@mail.ru

Аюпова Зәуре Каримовна

Должность: доктор юридических наук, профессор

Место работы: Казахский национальный аграрный исследовательский университет,
Кафедра «Право»
Почтовый адрес: 050010, Республика Казахстан, г. Алматы, проспект Абая, 8
Моб. тел.: +7 701 345 9346
E-mail: zaure567@yandex. ru

Daurenbek U. Kussainov

Position: Doctor of Philosophy, Professor
Affiliation: Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Department of Political Science and Socio-Philosophical Disciplines
Mailing address: 050010, Republic of Kazakhstan, Almaty, Dostyk Avenue, 13
Mobile phone: +7 701 423 4154
E-mail: daur958@mail.ru

Zaure K. Ayupova

Position: Doctor of Law, Professor
Affiliation: Kazakh National Agrarian Research University,
Department of Law
Mailing address: 050010, Republic of Kazakhstan, Almaty, Abai Avenue, 8
Mobile phone: +7 701 345 9346
E-mail: zaure567@yandex.ru